

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 03 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 ақпанда N 3618 болып тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемалары қосымшаларға сәйкес бекітілсін 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Г.Ш. Рамазановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі


А. Бегманов

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
1 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "№2 Булаев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Нефтеплощадка көшесінен күнделікті тасымалдау сызбасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
2 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік


мекемесі "Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Медвежка ауылынан, Нефтеплощадка көшесінен және Булаев қаласының солтүстік жағынан күнделікті тасымалдау сызбасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Хлебобобное негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Рощино селосынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




2024 жылғы 15 наурыздағы

№ 53 қаулысына

4 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Конюхов негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Куломзино ауылынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің


2024 жылғы 15 наурыздағы

№ 53 қаулысына

5 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Октябрьское орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Зарослое, Суворовка және Хлебоборб ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
6 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік


мекемесі "Таман мектеп-бөбекжай-бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Пулеметовка ауылынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Ұзынкөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Қоскөл, Шандақ ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Аббревиатуралардың толық жазылуы:
L- қашықтық
км-километр

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
8 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік

мекемесі "Ганькин орталау мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Ганькино станциясынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
9 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Қарақоға орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Ноғайбай, Образец ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы


Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
10 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Надежка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Дүйсеке, Еремеевка ауылдарынан күнделікті жеткізу схемасы

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Аббревиатуралардың толық жазылуы:
L- қашықтық
км-километр

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
11 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік

мекемесі "Писарев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Веселовка, Увакова ауылынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
12 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік

мекемесі "Фурманов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Береке ауылынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
13 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Чистов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Тищенко ауылынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Аббревиатуралардың толық жазылуы:
L- қашықтық
км-километр

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
14 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Возвышенка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Александровка, Золотая Нива, Сулышоқ ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы


Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
15 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Қарақоға орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Чистое, Дүйсеке, Лебяжье, Бинаш ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы


Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
16 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Сарытомар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Жастар ауылынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Аббревиатуралардың толық жазылуы:
L- қашықтық
км-километр

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
17 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Чистов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Пролетарка, Тищенко ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы


Ескерту. 17-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
18 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Советское орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Придорожное, Роцино, Жастар, Майбалық ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы


Ескерту. 18-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулысына
19 қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды Пролетарка, Сулышок, Қоскөл, Уваково ауылдарынан күнделікті жеткізу сызбасы

Ескерту. 19-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Солтүстік Қазақстан облысы ауданы
Мағжан Жұмабаев әкімдігінің
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 53 қаулымен
бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі

Ескерту. Тасымалдау тәртібі жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 15.03.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі—Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және дамыту министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2- тарау. Тасымалдаушыларға және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

- 1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;
- 2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар ;
- 3) соңғы жыл ішінде еңбек тәртібін және "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын өрескел бұзбаған (құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген).

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған, сондай-ақ қалааралық қатынастағы балаларды басқа да тасымалдаудағы жүргізушілердің автобустардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем болмауы тиіс.

3. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 шақырым артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға;

8) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүруге;

9) топырақ жолдарға шығып кетуге және олармен жүруге (балаларды ауылшаруашылық жұмыстарына және демалыс орындарына, сондай-ақ жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа).

4. Балаларды тасымалдау Қағидалардың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

5. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-10)-тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға сәйкес жауап беруі тиіс.

6. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есігі болады және "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген, "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 25-қосымшасы 1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) сәйкес келеді, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылатын "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маяғымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) "Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9649 болып тіркелген) автомобильдегі алғашқы медициналық көмек

қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдары бар екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталады.

3 - тарау. Балаларды тасымалдау тәртібі

7. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

8. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңдар балалардың жолға шығуына жол бермейтіндей жеткілікті болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және жүктерді автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

9. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

10. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының байқауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

11. Еріп жүрушілер автобусқа отыру және одан түсу кезінде, автобус қозғалысы кезінде, аялдамалар кезінде балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

4-тарау. Қорытынды

12. Осы Тәртіппен реттелмеген қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.